

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 151 – 154

**PROBLEMS OF WORD FORMATION IN THE KAZAKH LANGUAGE****B. B. Zhakhina**

Sh. Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, Kazakhstan.

E-mail: kazakhskaya.filologiya@mail.ru

**Key words:** process of word building, forms of word building, ways of word building, the basis of a word, grammatical category.

**Abstract.** The article deals with the relation of productive meanings of word formation units to general and grammatical category. According to some linguists, word formation has long been considered as part of morphology. Linguistic nature of word formation was studied in the context of morphology as parts of speech derivation. The methods used for word-building were similar to those used for the formation of parts of speech. They were synthetical and analytical methods. Nowadays, morphological branch of a language is considered from scientific-theoretical and practical points of view. Probably, another way would be more appropriate.

The article discusses the viewpoints of such scientists as S. Issaev, N. Oralbaeva, G. Kaliev.

УДК

«ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА»  
**ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б. Б. Жахина**

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, Қазақстан

«Сөзжасам» тілдің жеке бір саласы ретінде қарастырылып жүргенімен, соған сай тілдік тақырыптардың жүйеленуі, тілдік терминдердің тұрақталуы күні бүгінге дейін бірыңғайланбай келеді. Ғалым Н. Оралбаева айтқандай сөзжасам тіл білімінің жас саласы, оның көп мәселелері әлі де зерттелуді қажет етеді.

Ол үшін ғалым С. Исаев атап көрсеткендей теориялық та, практикалық та мәні бар төмендегідей мәселелерді анықтап, сипатын айқындап алған жөн сияқты.

Біріншіден, «Сөзжасамның» мәні неде, сипаты қандай, анықтамасы қандай болу керек, өзіндік ерекшелігі деп нені таныту керек болады?

Екіншіден, осындай сипатты белгілерінің негізінде «Сөзжасамға» тән лексика-семантикалық, семантика-грамматикалық, қолданыстық белгілер бар ма, болса қандай?

Міне, осы мәселелердің мән-маңызын ғылыми-әдістемелік тұрғыда нақтылап, дәйектеп, жүйелеп алғанда ғана, «Сөзжасамды» оқытудың лингво-дидактикалық негізі де жүйеленеді.

Сөзжасам – қазақ тілінің жаңа сөздер жасап, сөздік қорды үнемі байытып отыратын негізгі жүйесі, яғни жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ережелер жиынтығы.

Сөзжасам мәселелерін морфология тарауында қарап келсе де, ғалым А. Ысқақов тілдің жүйесіне лайық қалыптасқан белгілі-белгілі тәсілдер бойынша сөз жасау амалдарының әдетте сөз тудыру тәсілі деп аталатынын, сөз тудыру дегеннің өзі жаңадан сөз жасау заңдары мен ережелерінің жинағы екендігін айтады [1, 86].

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесін зерттеп, бір жүйеге келтіруші ғалым Н. Оралбаева сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке бір саласы екенін атайды. Әрі сөзжасамның зерттеу объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына сияқты күрделі мәселелер жататындығын даралап көрсетеді [2, 8].

Ал профессор С. Исаев қоғамдық өмірдің дамуымен байланысты жаңа ұғымды білдіретін жаңа сөздер пайда болатындығын, сөздердің пайда болуы мен жасалуының белгілі бір заңдылығы бар екенін айтады. Сонымен қатар ғалым «Тілдің сөздік құрамының дамып, осылай жаңа сөздердің пайда болуын ғылым тілінде сөзжасам» деп атайды деген анықтама береді [3, 31].

Олай болатын болса, «Сөзжасам» өз алдына мақсат-міндеті бөлек, жеке зерттеу объектісі бар тілдің өзгеше қабаты болғандықтан, оның тілдің негізгі бір жеке саласы ретінде қарастырылуы – заңдылық. Әрі «Сөзжасамда» таза лексикалық мағына, жаңа ұғым атауы, жаңа сөз жайында мәселе болады. Себебі әр түрлі амал-тәсілдер (лексика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық) арқылы жаңа ұғым атауы, жаңа сөз пайда болады.

Тілші ғалымдардың зерттеулерінде сөз болғандай, көп уақытқа дейін сөзжасам, сөздің жасалуы немесе сөз тудыру деп морфологияның шеңберінде қаралып, оның мәні мен сипаты сөз таптары ыңғайында ғана қарастырылып, сол сөз табының синтетикалық, аналитикалық тәсілдері арқылы жасалуы мен сол сөз табының грамматикалық сипаты ретінде танылып келді. Қазір де қазақ тілі грамматикасының морфология саласы, оның сөз таптары жүйесі ғылыми-теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да осылай сипатталады.

Сөз бойындағы семантикалық сипат та, грамматикалық сипат та, қолданыстық сипат та бір-бірімен араласып, арадағы тілдік қабат шекарасы да, олардың мәні де бұзылып, ерекшеліктері сараланбай, айқындалмай келеді. Ал сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдері де сөз мағыналарын ауыстырудың тәсілі ретінде лексикология саласында қаралып келді. Сөзжасамға қатысты ерекше сипаты, өзіне тән негізгі қасиеті болып табылатын жаңа сөз, жаңа ұғым атауын тудыру қасиеті, сол арқылы тілдің сөздік құрамын байыту қызметі ескерілмеді. Морфологияға енбейтін сипаттары көлеңкеде қалып, проблемалық негізден айырылып қалды.

Синтетикалық тәсіл арқылы пайда болған *дос+тық, өнер+наз, өн+дір+іс+тік* сияқты сөздерді бір сөз табынан екінші бір сөз табының пайда болуы деп түсіндіріледі. Немесе бір сөз табынан өз ішінде жаңа мағыналы сол сөз табын тудыру процесі деп түсіндіріледі. Сол арқылы осы сөз табының қатарын өсіру деп айқындалды.

Байқаймыз, сөз тудыру немесе сөзжасам проблемасынан гөрі жеке сөз табын жасау, яғни грамматикалық топтар тудыру проблемасы болып, соның негізінде лексика-семантикалық сипаттан гөрі, яғни тілдің лексикалық байлығын арттырып, сөздік құрамын жаңа туындылармен толықтыратын тілдік үдеріс, семантикалық құбылыс деп танудан гөрі, қазірдің өзінде грамматикалық сипат алып, грамматикалық топтарды (сөз таптарын) байытып, қатарын көбейтетін грамматикалық құбылыстың шеңберінде қаралып отыр.

Соның нәтижесінде оқулықтар мен ғылыми еңбектерде, тіпті арнайы зерттеулерде де, әсіресе, сөзжасамдық жұрнақтар арқылы (синтетикалық тәсілмен) сөз жасау амалы жекелеген сөз табының құрамында ғана, яғни сөзжасам грамматикалық топ жасау, сөз таптарын жасау, сөйтіп, лексика-семантикалық құбылыс емес, грамматикалық құбылыс ретінде қаралып келеді. Тіпті қосымшалардың өзі мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда да, ғылыми еңбектерде де сөз табына және оның түріне қарай жіктеліп отырады. Мысалы, есім сөздерден зат есім тудыратын жұрнақтар немесе зат есімнен (сын есімнен, сан есімнен, т.б.) зат есім тудыратын жұрнақтар, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар, сондай-ақ есім сөздерден сын есім тудыратын немесе етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар және есім сөздерден (зат есім, сын есім, т. б.) етістік тудыратын жұрнақтар, т.т.

Байқаймыз, сөзжасам қосымшалары атына лайық жаңа сөздер (лексемалар) жасаудың бір жолының көрсеткіші ретінде қаралмайды. Лексика-семантикалық сипаттағы тілдік құбылыс және соның көрінісі ретінде түсінік берілмейді. Сөз таптарын жасайтын, грамматикалық сипаттағы тілдік құбылыс деп жаңсақ қаралып келеді. Өйткені сөз табы – сөздің грамматикалық сипатына байланысты жіктелетін топ. Грамматикалық сипаттағы тілдік құбылыстар, соның бірі сөз таптары, олардың жасалу жолдары, амалдары, тілде я тілдік жүйеде, яғни тілдің грамматикалық құбылысында алатын орны, т. б. сипаттары лексикалық емес, грамматикалық қасиеттегі тілдік жүйелер, амал-тәсілдер, үдерістер арқылы көрініп, сол шеңберде өмір сүреді. Ал сөзжасамның қандай да бір түрлері, оның әр түрлі амал-тәсілдері сөзжасамның негізгі, мәнді сипаттарының негізінде анықталады. Әрі соның тілдік процесі ретінде сол шеңберде өмір сүреді. Сондықтан да сөзжасамның тілдік үдеріс ретінде мәнді сипатын, яғни лексикалық па, әлде грамматикалық па оның жасалу амалдары емес, керісінше жасалу амалдарының сипатын тілдік құбылыс ретінде сөзжасамның өзі анықтап белгілейді. Ал сөзжасамның басты мәнді сипаты – жаңа сөздер, жаңа ұғым атауларын жасап, сол арқылы тілдің сөздік құрамын байыту. Сондықтан жаңа лексикалық туындылар жасап, сол арқылы тілдің сөздік құрамын байытып, жаңа сөздік құрамның лексикалық қатарын көбейтіп,

тілдік жүйеде тек лексикалық сипаттағы тілдік құбылыс ретінде танылуы тиіс. Осындай мазмұнда айқындалып, қалыптасуы, тұрақталуы керек. Сонда сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жаңа сөздердің, жаңа лексикалық мағынадағы сөздердің пайда болуы – ғалым С. Исаев атап көрсеткендей, бірінші дәрежедегі тілдік құбылыс. Ал сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жасалған жаңа ұғым атауларының грамматикалық сипаттары арқылы белгілі бір сөз табына қатысты болуы, немесе белгілі бір сөз табына жатуы – тек екінші дәрежедегі құбылыс.

Ғалымның ойынша, түбірдің лексикалық мағынасы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы (бұл – сол сөздің, түбірдің қандай грамматикалық топқа, яғни сөз табына жататынын айқындайтын бірінші басты белгі) сөзжасам процесінен кейін (яғни, семантикалық процеске түскеннен кейін) бүтіндей өзгеріп кетеді немесе бір грамматикалық топ шеңберінде болғанымен, екінші тілдік үдеріс арқылы бүтіндей жаңа дәрежедегі грамматикалық мағынаға ие болады. Мысалы, *би-ле*, *көр-ме*, *бес-атар*, *өнер-тапқыш* сияқты жаңа ұғым атауларын алайық. Бір қарағанда, кейбір ғылыми еңбектерде айтылып жүргендей, *би* деген зат есімге *-ле* жұрнағы жалғану арқылы етістік жасалған, *көр* деген зат есімге *-ме* жұрнағы жалғану арқылы жаңа зат есім жасалған, *бес* деген сан есім мен *атар* деген етістік, *өнер* деген зат есім мен *тапқыш* деген сын есімі (оның өзі *тап* деген етістіктен *-қыш* жұрнағы арқылы жасалған) бірігуі арқылы жаңа зат есім жасалған деген теориялық ой орынды сияқты. Алайда лексика-семантикалық және грамматикалық үрдістердің ара жігі ашылып, айқындалмаған.

Ал шындығында, бұнда әр түрлі тілдік үдеріс бар екенін көруге болады. Сондықтан олардың шекарасын ажыратып, нақтылаған жөн. Мысалы, *би* деген негізгі сөзге *-ле* жұрнағы жалғану арқылы заттық ұғым атауынан *билеу* іс-әрекетін, білдіретін *биле* жаңа ұғым атауы пайда болды. *Бес* және *атар* деген негізгі сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз, яғни *бесатар* деген мылтықтың бір түрінің атауы пайда болды. Әрине, жалпы алғанда, жаңа сөздің мағынасы оны жасауға негіз болған *бес* (нақты сан) және *атар* (ату кимыл) деген сөздердің мағыналарына белгілі дәрежеде қатысты, соған байланысты болса да, олардан мүлде бөлек жаңа сөз, жаңа ұғым атауы жасалды. *Би-биле*, *көр-көрме* сөздері де осы сипатта. Сондай-ақ *өнер* және *тапқыш* сөздерінің бірігуінен де жаңа мағыналы, яғни *өнер*, *өнеркәсіп* салалары бойынша жаңалық ашатын адам деген мағынадағы *өнертапқыш* сөзі жасалған. Бұл жерде де *өнер* және *тапқыш* сөздердің мағынасына *өнертапқыш* деген жаңа сөздің мағынасы қатысты болғанымен, олар бір емес. Бұл – бір, екіншіден, әрине, түбір мен қосымша немесе түбір мен түбірдің, (біріккен, қосарланған, тіркескен күрделі сөздерде) сөздің морфологиялық құрамы жағынан грамматикалық сипатын яғни қай сөз табына жататынын, сол арқылы ол сөздер қандай тұлғада тұрып, қандай грамматикалық мағына білдіретінін де қоса айтып көрсетуге болар еді. Бірақ бұл қасиет сөзжасам шеңберіне енбейді. Ол – негізгі сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың, сөз бен сөздің арасындағы тіркесімділік сипат негізінде іске асатын семантика-грамматикалық сипат. Міне, осымен сөзжасам үрдісі аяқталады. Оның бірінші дәрежедегі тілдік үдеріс болатыны осылай басталып, жаңа сөздің пайда болуымен аяқталады.

Бұдан соң жаңа тілдік үрдіс басталады. Сөзжасамның белгілі тәсілдері арқылы туған жаңа сөздер өздерінің пайда болған жаңа лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы лексикалық мағынасымен қатар жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жаңа туындының енді пайда болған жалпы грамматикалық мағынасы мен басқа да грамматикалық сипаттары негізінде ол туынды белгілі бір грамматикалық топқа, яғни сөз табына енеді. Ол сөз табына енгендіктен негіз болатын – сөзжасам қосымшалары немесе сөзжасамның басқа тәсілдері емес, сол тәсілдер арқылы жасалған жаңа сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы мен соның негізінде басқа да грамматикалық сипатқа (морфологиялық түрлену жүйесі мен синтаксистік қызметі) ие болуы. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, сөзжасам амал-тәсілдерінің негізінде пайда болған туынды мағынаның жалпылануы нәтижесінде жалпы грамматикалық мағыналарға ие болады. Бұдан соң белгілі бір сөз табының шеңберіне енеді: *биле* сөзі нақты билеу қимылынан (сөзжасам мағынасынан) жалпы қимылды білдіруге ауысып, етістік сөз табына еніп, *күйші* сөзі күй тартатын адам деген нақты мағынаның (сөзжасам мағынасының) негізінде жалпы адам, жалпы зат, оның атауы сияқты жалпы грамматикалық мағынасы негізінде зат есім сөз табының қатарына кіреді.

Сонда сөзжасам амалдары арқылы жасалған жаңа сөздердің тікелей сөз таптарына қатысы жоқ. Сөзжасам сөз таптарын, яғни грамматикалық топтарды жасау емес, тілдің лексикалық құрамын байытатын жаңа мағыналы сөз тудыруды зерттейді, тек одан кейін ғана жаңа жасалған сөздердің грамматикалық сипаттары арқылы ол белгілі бір сөз табына енеді.

Байқаймыз, сөзжасамның да тілдің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салалары сияқты, бірақ оларға ұқсамайтын проблемалары, өзіндік зерттеу объектісі, алдына қойған мақсат-міндеті бар. Осы тұрғыдан келгенде, сөзжасамның қазақ тіл білімінің жеке бір саласы ретінде қаралуы орынды.

Ғалым Ғ.Қалиев: «Сөз тудырудың грамматикаға да, лексикологияға да қатысты екені сөзсіз. Ол сөзжасау тәсілдері жағынан грамматикамен, сөздік құрамды толықтыруы жағынан лексикологиямен ұштасып жатыр. Бірақ сөз тудыруды тек грамматикада, болмаса лексикологияда қарастыруда оның өзіне тән ерекшелігінен туатын аспектілері назардан тыс қалады», – дейді. Әрі сөзжасамды жеке алып зерттемесе, оған қатысты басты-басты мәселелер өз деңгейінде шешім таба алмайтындығын айтады [4, 57-60].

Сондықтан да күні бүгінге дейін мектеп оқулықтары мен ғылыми-зерттеу еңбектерде беріліп жүргендей сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жаңа сөз жасау мен сөз түрлендіруді бір байланыста қарап, бір тілдік деңгейдің грамматикалық көрсеткіші деп тану қате. Өйткені ғалымдар Н. С. Валгина, Э. Розендаль, М. И. Формина жұрнақтарды жаңа сөз тудыратын аффикстер, сөз түрлендіруші аффикстер деп екіге бөледі. Ал бір сөзден әр түрлі формалар тудыратын аффикстердің форма тудырушы деп аталатындығын айтады [5, 122].

С. Исаевтің пікірінше, сөз тудыратын аффикстер арқылы сөз ешбір грамматикалық өзгеріске түспейді, ол кейін ғана пайда болады, алдымен жаңа лексикалық мағыналы жаңа сөз жасалады. Ал сөз түрлендіруші аффикстер сөздің лексикалық мағынасын өзгертпейді, тек жаңа грамматикалық құбылыстар пайда болады.

Әрине, бұл тұжырым сөзжасамның, бір жағынан, түбір сөздің грамматикалық сипатымен, оның қандай сөз табына жатуымен, екінші жағынан, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған жаңа туындылардың грамматикалық сипатымен, оның қай сөз табына жатуымен байланысын жоққа шығармайды. Ал кейбір ғалымдардың көрсетіп жүрген 5 түрлі сөзжасам қызметі: атауыштық (собственнономинативная), конструктивтік (сөздің құрылымын өзгерту), компрессивтік (атаулардың жинақталуы), экспрессивтік және стильдік қызметтері бір қатардағы тілдік құбылыстар емес, дұрысында, біздіңше, сөзжасамның атауыштық (номинативтік) сипаты, басты, мәнді қасиеті де, қалғандары сөзжасам нәтижесінің (жаңа туындының) семантикалық құрылымдық, қолданыстық ерекшеліктерінен туындайтын қасиеті болуға тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 86 б.
- [2] Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989. – 8 б.
- [3] Исаев С. Сөзжасам және оның тіл білімінен алатын орны // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998. – № 3-4.
- [4] Қалиев Ғ. Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы // Қазақстан мектебі. – 1984. – № 6. – Б. 57-60.
- [5] Валгина Н.С., Розенталь Д. В., Формина М. И. Современный русский язык. Изд. 5-ое. – М., 1987. – 122 б.

#### REFERENCES

- [1] I'sqaqov A. Qazirgi qazaq tili. Morfologi'ya. Almati', 1991. 86 b.
- [2] Oralbaeva N. Qazaq tilining so'zjasam ju'yesi. Almati', 1989. 8 b.
- [3] I'saev S. So'zjasam ja'ne oni'ng til biliminen alati'norni'. Qazaq tili men a'debi'eti. 1998. № 3-4.
- [4] Qali'ev Gh. So'z twdi'rw – qazaq tilining jeke salasi'. Qazaqstan mektebi. 1984. № 6. B. 57-60.
- [5] Valgi'na N.S., Rozental' D. V., Formi'na M. I'. Sovremenni'y rwsski'y yazi'k. I'zd. 5-oe. M., 1987. 122 b.

#### НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Б. Б. Жахина

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

**Ключевые слова:** процесс словообразования, формы словообразования, способы словообразования, основа слова, грамматическая категория.

**Аннотация.** В статье рассматривается отношение производных значений словообразовательных слов к общему и категориальному грамматическому значению.

Как было сказано, в лингвотических исследованиях ученых в течение длительного времени словообразование рассматривалось в рамках морфологии применительно к деривации частей речи. Взаимодействие словообразовательных и словоизменительных аффиксов в передаче грамматических значений рассматривалось как образование частей речи. В данное время раздел морфологии рассматривается с научно-теоретической и практической точки зрения также. Но, возможно, более рационален другой подход.

Освещаются научные взгляды ученых С. Исаева, Н. Оралбаевой, Г. Калиева по этой проблеме.

Поступила 12.11.2014г.